

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мақтанышым - Астанам.

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.02.2023

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/132012/>

Білім беру ұйымының атауы		Б. Қаратаев атындағы ЖОББМ		
Пәні:		Әдебиеттік оқу		
Бөлім:		Сәулет өнері		
Педагогтің аты-жөні:		Р. Абуова		
Күні:		7.12.22ж		
Сынып: 3		Қатысқаны:13	Қатыспағаны:	
Тақырыбы		Мақтанышым - Астанам.		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		3.2.1.1 мәтінді дауыстап /түсініп мәнерлеп/ оқу. 3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну.		
Сабақтың мақсаты		Мәтінді дауыстап /түсініп / мәнерлеп/ оқиды. Шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсынады.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>I.Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу Психологиялық дайындық</p> <p>Тәңір беріп, түскендей – ақ ой көктен, Тасты қашап, зәулім сарай салумен, Сәулетшілер әрбір тасты сөйлеткен, Жайнап салып ұлтыңыздың шырағы Өлең болып тұлпар өнер пырағы, Бізде бірақ...</p> <p>Алатаудың өзі сөйлеп тұрады, Сәулет деген сол бір өнер келмейді. Алыс сапар бастаса да жол мейлі, Бізде бірақ...</p> <p>Даланың ақ құмдары сөйлейді. Күн мен тасын сәулетшілер сөйлетсе Тау биіктеп, дала кеңіп кетпес пе еді?!...</p> <p>Тақырыпты ашу. Топқа бөлу (Т) «Суреттер сыры» әдісі (қабырғаға ілінген бірдей фигураларды жинап, келесі бетінде жасырылған суреттерді дұрыс құрап, Астананың сәулетті ғимараттарын табады) I – топ: Бәй + II – топ: +</p> <p>Қай қаланың сәулетті ғимараттарының атаулары шықты? — Нұр – Султан қаласының Бәрекелді, балалар. Ендеше тақтаға назар аударып, осы Нұр – Султан қаласының көрікті жерлерін бір тамашалап алайық. (сәулетті ғимараттары туралы сұрау) -Жарайсыңдар балалар! -Олай болса бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Мақтанышым — Астанам»</p> <p>Сабақтың оқу мақсаттарын хабарлаймын. 3.2.1.1 мәтінді дауыстап /түсініп мәнерлеп/ оқу. 3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну. Мұғалімнің бағалауы (бағалау түрлерімен таныстырып өтемін) Астананың әдемі ғимараттары суретін үлестіру арқылы бағалау</p>	<p>Мұғаліммен сәлемдеседі.</p> <p>Өлең шумағын мәнерлеп айтады.</p> <p>Оқушылар топқа бөлінеді</p> <p>Бейне ролик тамашалайды.</p> <p>Сәулетті ғимараттар туралы білгендеін айтады.</p>	Жарайсыңдар!	<p>Әр түрлі фигуралардың артына жасырылған суреттер</p> <p>АКТ</p>

<p>Сабақтың ортасы 2 минут Білу.</p>	<p>(Ү) «Радио хабарлайды» әдісі (автордың өмірімен таныстыру)</p>	<p>Автор өмірбаянын тыңдап, танысады</p>		<p>АКТ (аудио тыңдалым)</p>
<p>6 минут</p>	<p>Ермек Өтетілеулы (1938-2006) Ақмола (қазіргі Астана) қаласында туған. Балаларға арналған «Ең күшті адам», «Әдептілік – әдемілік», «Биік үйдің балалары» атты кітаптары бар.</p>			
<p>5 минут</p>	<p>3.2.1.1 мәтінді дауыстап /түсініп / мәнерлеп/ оқу. 1- тапсырма «Шынжыр» әдісі (оқулықтағы мәтінді тізбектей, дауыстап оқиды) Дескриптор: -Өлеңді дауыстап, мәнерлеп оқиды.</p>			<p>автор-дың суреті</p>
<p>4 минут</p>	<p>«Бағытталған сұрақ» әдісі (көнерттегі тақырыпқа байланысты сұрақтарды оқушы алып оқып, келесі оқушыға бағыттайды) — Есіл деген атау нені білдіріп тұр? — Астанадағы жаңа ғимараттарды ата ? — Еңбек түрі қалай дамыған? — Астана қандай қала? — Бәйтеректің сәулетшісі кім? Дескриптор: -Өлең мазмұнын ашатын сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Өлеңді тізбектей, дауыстап оқиды</p>	<p>1 балл</p>	<p>Оқулық</p>
<p>4 минут</p>	<p>3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну. 2 — тапсырма ТЖ «Таңда, таста » әдісі (Әр топқа сәулетті ғимараттардың суреттері мен Астана туралы қосымша дереккөздерін ұсынамын. Дереккөздерді пайдалану арқылы әр топ өзіне берілген тапсырмаларды орындайды) I-топ: Ханшатыр, Думан, Бейбітшілік пен Келісім сарайы II-топ: Бәйтерек, Ақорда, Мәңгілік ел Дескриптор: — Ханшатыр, Думан ойын-сауық орталығы,Бейбітшілік пен Келісім сарайы ғимараттарын тауып, орналастырады. — Мәліметтер айтады. — Бәйтерек, Ақорда, Мәңгілік ел ғимараттарын тауып, орналастырады. — Мәліметтер айтады.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Әр жауапқа 1 балл</p>	<p>Конверт</p>
<p>4 минут</p>	<p>(топтар бір-бірін жұмыстарын бағалайды) Сергіту сәті «Қыдырып қайтайық» (балаларды қимыл-іс әрекетке жұптастыру) 3 - тапсырма (ЖЖ) «Көршіңмен бөліс» әдісі 1.Астананың бұрынғы атауы Ақмола Алматы Ақмешіт 2.Астананың символы Ханшатыр Ақорда Бәйтерек 3.Қай өзеннің бойында орналасқан? Каспий Балқаш Есіл 4.Думан ойын -сауық орталығында ? Океанариум Кинотеатр Автобекет 5.Бәйтеректің биіктігі қанша? 120 м 98 м 97 м Дескриптор: — Астананың бұрынғы атауын — Астананың символын — Қай өзеннің бойында орналасқанын — Думан ойын- сауық орталығында не барын — Бәйтеректің биіктігі қанша метр екенін белгілейді.</p>	<p>Өздеріне тиісті суретті таңдап, мтінен тиісті мәліметтерді тауып жазады.</p>	<p>3 балл</p>	<p>Суреттер, дереккөздер жазылған қима қағаздар</p>
<p>2 минут</p>	<p>ЕБҚ 1-тапсырма. Қала атауына қатысты берілген дыбыстардан басталатын сөзбен сәйкестендір. А — аспаны ашық — Елорда С — символы — Бәйтерек Т — табиғаты тамаша А — алып құрылыс қаласы Н — нұрланған қала А — Алтын Арқа даласы Дескриптор: Қала атауына қатысты берілген дыбыстардан басталатын сөзбен сәйкестендіреді.</p>	<p>Сергіту сәтін орындайды</p>		
<p>2 минут</p>	<p>Саралау тапсырмасы (Қарқынды оқушыға)Астанаға айтар тілегіңді дәптеріңе жаз. Астанаға айтар тілегім: тыныш, көрікті, сұлу болсын. Аспаны әрқашан ашық болсын. Халқы тату болсын. Көркейіп, өніп, өсе берсін! Дескриптор: 1.Астанаға айтар тілектерін дәптерге жазады.</p>	<p>Тест жұмысын орындайды, көршісі тексереді</p>	<p>Әр дұрыс жауапқа 1 балл (4 б)</p>	
<p>5 минут</p>	<p>5-тапсырма. ТЖ«Біз құраған әңгіме» әдісі. Суреттер бойынша «Көркіті Астанам» тақырыбына мәтін құрастыр (6 сөйлем).</p>			
<p>4 минут</p>	<p>Көркіті Астанам Астана қаласы сәулет өнерінің қаласы. Бұл қалада биік ғимараттар тиімді орналасқан. Қала жастары еңбеккер және өнерлі. Астанада театрлар, саябақтар, үлкен сауда орталықтары бар. Астана — көркіті, сұлу, ғимараттары ғажайып қала. «Бәйтерек» кешені — Астананың символы.</p>	<p>Қала атауына қатысты берілген дыбыстардан басталатын сөзбен сәйкестендіреді.</p>		
<p>3 минут</p>	<p>Дескриптор: 1. Суреттер бойынша «Көркіті Астанам» тақырыбына мәтін құрастырады .</p>	<p>Астанаға арнап тілек жазады</p>		
<p>3 минут</p>		<p>Суреттер бойынша «Көркіті Астанам» тақырыбына мәтін құрастырады (6 сөйлем).</p>		
<p>3 минут</p>		<p>Астанаға айтар тілектерін дәптерге жазады.</p>		

Сабақтың соңы 2 минут	<p>Кері байланыс</p> <ul style="list-style-type: none"> -Астана қай өзеннің жағалауында орналасқан? -Астананың бұрынғы атауы? -Бәйтеректің биіктігі қанша метр? -Астанадағы сәулетті ғимараттарды атаңдар? -Астананың символы? 	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.		
1 минут	<p>Рефлексия</p> <p>«Нысана» әдісі арқылы оқушылар бүгінгі сабақта мақсатқа жете алуына қарай нысананың түстеріне қарай магниттерді орналастырады.</p> <p>Қызыл түс – Мен тығырыққа тірелдім, ештеңе түсінбедім. Сары түс – Мен түсіндім бірақ, барлығын емес. Жасыл түс – Мен мақсатқа жеттім, бәрін түсіндім.</p> <p>Үйге тапсырма.</p> <p>Мақтанышым-Астана жаттау</p> <p>«Астана тарихы» тақырыбында дереккөздерден (кітап, ғаламтор т.б.) мәліметтер жинастыр. Келесі беттегі сызба бойынша жаз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Ақмола 2) 1997 жылы Астана атанды 3) Бәйтеректің биіктігі 97 метр 4) Есіл өзенінің жағалауында орналасқан. <p>(оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне оралу):</p> <ul style="list-style-type: none"> -Бүгінгі оқу мақсаты қандай болды? -Жетістік критерийлеріне жеттік пе? Бұл сабақта қандай жаңа білім алдың? 	Үй тапсырмасын жазады. Өздері кері байланыс жасайды.		
2 минут			Балдар жиынтығын қою	

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.